

8 шілде
Сәрсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
[Kokjar_tynysy](#)

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ОРАЙ ҮНДЕУІ



Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз. Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институтта-

рын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады. 15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық. Бұдан былай Конституция күні «Наурызнама» онкүндігімен

қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі. Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғат-

ты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш құмәнім жоқ. Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз! Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған көміл сенемін! Қазақстан Республикасы жасай берсін! Халқымыз мәңгі жасасын!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады. Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен

біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді. Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Жиырма бес жасқа толған

және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады. Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген

адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс. Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды. Жаңару үшін дауыс бер! Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді. Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады. Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады. Есептен шығару куәлігін сенім-

хат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді. Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді. Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді. Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды. Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі. Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады. Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады. 2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады. Жаңару үшін дауыс бер!

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 01 шілде Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:** 1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын. 2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын. 4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.Тоқаев**
Астана, Ақорда, 2026 жылғы 1 шілде
№ 1338



Орталық сайлау комиссиясының
ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫ!

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасының тарихында тұңғыш рет Құрылтай депутаттарын сайлау өтеді. Сіздерді еліміздің одан әрі дамуындағы жаңа кезеңді белгілейтін тарихи оқиғаның қатысушысы бола отырып, азаматтық жауапкершілік танытуға және конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз. Сіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруыңыздың кепілі - Сіздің Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқылы сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз. Сайлаушылардың тізімдерін жергілікті атқарушы органдар Сіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша тиісті сайлау учаскесінің аумағында тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген өтініші негізінде тұрақты тіркелген жері бойынша тізімнен шығарыла отырып, енгізіледі. Сайлау учаскелерінің шекаралары және учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан жерлері туралы мәліметтерді тиісті әкімдер 2026 жылғы 16 шілдеге дейін жариялайтын болады. Сіз өзіңіздің тіркелген жеріңіз бойынша жергілікті атқарушы органға жүгініп, өзіңіздің сайлау учаскеніңізді және тізімге енгізілгеніңізді тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз. Сізге ыңғайлы болу үшін, жазғы демалыс факторын ескере отырып, Сіздің есептен шығару куәлігін алу және өз елді мекеніңізден тыс жерде дауыс беру мүмкіндігіңіз бар. 2026 жылғы 7 тамыздан бастап өзіңіздің сайлау учаскеніңізді Сізге Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқығы бар сайлаушылардың тізіміндегі өзіңіз туралы мәліметтерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Өзгерістер енгізу немесе нақтылау қажет болған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясына өтінішпен жүгінуге құқылысыз.

ҚҰРЫЛТАУ САЙЛАУЫ-2026

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына, «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 1 шілдедегі № 26/41 қаулысына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамын, орналасқан жері мен жұмыс уақытын хабарлайды.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі № 56 А үй, тел. 8 (71332) 2-16-10
Комиссия төрағасы – Бисекенов Берік Төлеуұлы
Төрағаның орынбасары – Бақтыгереев Сәбит Бақытұлы
Хатшысы – Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы
Комиссия мүшелері:
Досымбаева Мира Бауыржанқызы
Қартбаев Серік Сағынұлы
Маханова Самал Асқарқызы
Шаймақов Медет Шекеұлы
Аумақтық сайлау комиссияның жұмыс уақыты: Күн сайын сағат 09.00-18.00, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00

ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына, «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы 2026 жылғы 1 шілдедегі №26/41 қаулысына сәйкес Ойыл ауданының учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

№ 389 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Ойыл ауылы Көкжар көшесі 68
«Ойыл аудандық мәдениет үйі» КММ ғимараты телефон, (871332) 2-18-99
Комиссия төрағасы - Нұржанов Сансызбай Құмарұлы
Төрағаның орынбасары - Айдашев Абат Жауғашарұлы
Хатшысы - Төреғалиев Наурызбай Базарғалиұлы
Комиссия мүшелері
Ақбанова Ботакөз Қуатқызы
Мейрамқызы Айгерім

№ 390 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Ойыл ауылы И.Құрманов көшесі 86 «Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі»КММ ғимараты, телефон (871332) 2-17-30
Комиссия төрағасы - Алдабергеннова Нұргүл Бисембіқызы
Төрағаның орынбасары – Ешімов Нұрлан Ермекұлы
Хатшысы - Сапарова Нұргүл Арайбекқызы
Комиссия мүшелері
Дүйсенғалиева Күнсая Құмарқызы
Мерғалиева Зайда Сәдуқызы

№ 391 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Ойыл ауылы Ш.Жарылғасұлы көшесі 36 «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы» КММ ғимараты, телефон (871332) 2-20-14
Комиссия төрағасы - Сейталиана Мейрамгүл Қайырбекқызы
Төрағаның орынбасары –Нұрбалиева Гүлнұр Сәндіғалиқызы
Хатшысы - Майланова Мира Сағынтайқызы
Комиссия мүшелері
Ермағамбетова Гүлнар Жұмабекқызы
Ұлықпанов Бекзат Қайнарұлы

№ 392 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Ойыл ауылы Аманкелді көшесі 2 «Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон (871332) 2-16-52
Комиссия төрағасы - Садақбаева Гүлмира Таңжарбайқызы
Төрағаның орынбасары - Елекбаева Дархан Саматқызы
Хатшысы - Қаумешова Есенгүл Сағынбайқызы
Комиссия мүшелері
Жантекова Бағдат Айтқалиқызы
Сағынов Әбділла Қуатұлы

№ 568 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Ойыл ауылы Ы.Алтынсарин көшесі 19 «Ойыл аудандық денешынықтыру және спорт кешені» КММ ғимараты, телефон (871332)72-00-9
Комиссия төрағасы - Өлжанов Мұрат Шынғысұлы
Төрағаның орынбасары - Елекбаева Раушан Саматқызы
Хатшысы - Нұрмұханов Наурызбай Сәкенұлы
Комиссия мүшелері
Рүстемова Айнагүл Есенғосқызы
Мусин Алмат Жалғасұлы

№ 394 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қаракемер ауылы, Достық көше-

сі 3, Қаракемер ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-2-00
Комиссия төрағасы - Оспанов Есенгелді Жолдасқалиұлы
Төрағаның орынбасары - Исмагулов Амангелді Базартайұлы
Хатшысы - Жұбанова Әйгерім Айжарыққызы
Комиссия мүшелері
Азан Анар Есімқызы
Тарғынов Қанжар Тарғынұлы

№ 395 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, «Ақшатау орта мектебі» КММ ғимараты, телефон (871332)72-0-81
Комиссия төрағасы - Айжарықов Қоныс Боранбайұлы
Төрағаның орынбасары - Тасанов Александр Жаңбыршыұлы
Хатшысы - Төребекова Алмагүл Бекділдақызы
Комиссия мүшелері
Құрманғалиев Мейрамбек Өлімжанұлы
Төлеуішева Гүлжамал Елубайқызы

№ 396 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Құмжарған ауылы, Республика көшесі 23, Құмжарған ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-2-49
Комиссия төрағасы - Қойайдаров Сағындық Темірұлы
Төрағаның орынбасары - Мамбет Қанат
Хатшысы - Ақөтенова Шынар Бақытжанқызы
Комиссия мүшелері
Әбішев Бауыржан Шынғұұлы
Охапова Манар Жәрдемқызы

№ 397 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қаратал ауылы, Ж.Жүсібалиев көшесі 2, «Ш.Берсиев атындағы орта мектеп» КММ ғимараты, телефон (871332)73-0-92
Комиссия төрағасы - Сүлейменова Жандай
Төрағаның орынбасары - Әділов Нұрлан Байтүркеұлы
Хатшысы - Сұлташева Бибігүл Ұлықпанқызы
Комиссия мүшелері
Максимов Қасымжан Ерсұлтанұлы
Қодасбаев Шектібай Құсанұлы

№ 398 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қарасу ауылы, А.Жұбанов көшесі 5,»Құрманов бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон (871332)73-2-28
Комиссия төрағасы - Сағатов Болат Сағынұлы
Төрағаның орынбасары - Жиенбеков Әлібек Үмбетұлы
Хатшысы - Өтебаева Алмагүл Арыстанқызы
Комиссия мүшелері
Мамбетова Айнұр Бақытқалиқызы
Молдағұлов Сансызбай Әубәкірұлы

№ 399 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Амангелді ауылы, Астана көшесі 16, Амангелді ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-4-90
Комиссия төрағасы - Артықбаев Дастан Берекетұлы
Төрағаның орынбасары – Ғафур Лена Сағынтайқызы
Хатшысы - Сидақова Жакен Сақышқызы
Комиссия мүшелері
Әбдіғалиева Дидар Сағынқызы
Дүйсенова Айзада Смағұлқызы

№ 400 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-4-89
Комиссия төрағасы-Ерсарина Света Жасанқызы
Төрағаның орынбасары –Серікұлы Ернұр
Хатшысы- Ермек Меңтай Русланқызы
Комиссия мүшелері
Асылбаев Асылан Базарбайұлы
Нұрғалиев Азамат Айжарықұлы

№ 401 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-5-11
Комиссия төрағасы - Омарова Мейрамгүл Бактығалиқызы
Төрағаның орынбасары - Аманбаева Бағлаш Тастемірқызы
Хатшысы - Бисенқұл Айсұлу Жұмабайқызы
Комиссия мүшелері
Кеңесова Ақтоты Нұрланқызы
Мұқанов Лұқман Кәдірұлы

№ 569 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі 4, «Құрман орта мектебі»КММ ғимараты, телефон (871332)74-5-44
Комиссия төрағасы - Өмірғалиев Әлібек Исағалиұлы
Төрағаның орынбасары - Калдығұлова Эльмира Сағынқызы
Хатшысы - Шоқпарова Алтынгүл Қайратқызы
Комиссия мүшелері
Бөгембаев Манат Амандықұлы
Құрманов Қанат Тайбекұлы

№ 402 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-4-93
Комиссия төрағасы - Тайбурин Қазі Әлімұлы
Төрағаның орынбасары – Сабыров Нұрперзент Орынғалиұлы
Хатшысы - Тұрғалиева Өсем Мухамедиярқызы
Комиссия мүшелері
Мұхамбетова Жанаргүл Даукенқызы
Оңайбаева Гүлжан Амантайқызы

№ 404 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Сарбие ауылы, Жастар көшесі

13, Сапақкөл ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)35-2-50
Комиссия төрағасы - Дәуленова Гүлбарам Аманжолқызы
Төрағаның орынбасары - Қабижанов Дәуренбек Қонақбайұлы
Хатшысы - Сапарова Ұлпан Сапарқызы
Комиссия мүшелері
Қамиева Ақмарал Өтегенқызы
Сисенова Әлия Аяғанқызы

№ 405 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі»КММ ғимараты, телефон (871332)73-7-16
Комиссия төрағасы - Нұржанова Құндызай Құмарқызы
Төрағаның орынбасары – Молдабекова Мейрамгүл Нұрболатқызы
Хатшысы - Динуллин Еділ Аралбайұлы
Комиссия мүшелері
Бюрина Ақсұлу Хайроллақызы
Түймешова Эльмира Мұхамбетқызы

№ 406 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, Қараой ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-6-01
Комиссия төрағасы - Исмагулов Амангелді Сапартілеуұлы
Төрағаның орынбасары - Базанов Ізмұқан Наурызбайұлы
Хатшысы - Қалиева Перизат Жалғасбайқызы
Комиссия мүшелері
Серік Жібек Серікқызы
Болатова Данагүл Қамбарқызы

№ 407 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон (871332)73-7-37
Комиссия төрағасы - Жұмабаев Жәнібек Жиенбекұлы
Төрағаның орынбасары - Есқайыров Әзілхан Жолдығалиұлы
Хатшысы - Тілекбаева Заманай Халелқызы
Комиссия мүшелері
Бисенқұлова Айсәуле Сатыбалдықызы
Құбашева Гүлденай Бекболатқызы

№ 408 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Саралжын ауылы, Көктал көшесі 2, «Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі» КММ ғимараты, телефон (871332)74-0-01
Комиссия төрағасы - Қилашева Қоңыршаш Жұмабайқызы
Төрағаның орынбасары – Испусинова Гүлжанат Панабекқызы
Хатшысы - Аманғалиқызы Асылай
Комиссия мүшелері
Бисенбаев Асқар Бисенбайұлы
Жұбанов Рүстем Маратұлы

№ 409 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Шикұдық ауылы, Қ.Рысқұлбеков көшесі 18, Шикұдық ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-1-43
Комиссия төрағасы - Аяпбергенов Мереке Ерекешұлы
Төрағаның орынбасары - Бейісова Айгүл Ескендірқызы
Хатшысы - Сисенбаев Дәулеткелді Жұмағалиұлы
Комиссия мүшелері
Мақсот Асылан Алпамысұлы
Сапарова Мейізгүл Орынбасарқызы

№ 410 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Тайсойған ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-2-71
Комиссия төрағасы - Бисенов Балтабай Сырлыбайұлы
Төрағаның орынбасары - Нижанов Асылбек Жұмаұлы
Хатшысы - Жиеналина Багдагул Кенжебайқызы
Комиссия мүшелері
Бержекенов Ерболат Нұрбергенұлы
Қалашева Бижамал Қалашқызы

№ 411 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Ақкемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, Ақкемер ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-0-82
Комиссия төрағасы - Әбілғазин Қалыбек Майлықұлы
Төрағаның орынбасары - Иманов Алпысбай Жарылғасынұлы
Хатшысы - Есенова Алтынгүл Бөгетбайқызы
Комиссия мүшелері
Алдабергенұлы Әлібек
Қилыбаев Нұрбек Мұратбекұлы

№ 412 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Ақжар ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-8-14
Комиссия төрағасы - Мұханбетов Серік Қойшыбекұлы
Төрағаның орынбасары – Оралов Серік Жәумітұлы
Хатшысы - Тілектесова Аяғөз Әсетқызы
Комиссия мүшелері
Жаманқұлов Бактығали Айтқалиұлы
Қазиева Назгүл Тұрғалиқызы

№ 413 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-1-42
Комиссия төрағасы - Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы
Төрағаның орынбасары - Батырғалиев Нұрлыбек Еңсегенұлы
Хатшысы - Жақсыбаева Қарашаш Орынбасарқызы
Комиссия мүшелері
Имаганбетова Калия Қанатбайқызы
Сатыбалдин Бақытжан Мырзалыұлы
Учаскелік сайлау комиссияларының жұмыс уақыты: 2026 жылғы 3 тамыздан бастап күн сайын сағат 09.00-18.00, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ЖЫР МЕН РУХ ҰШТАСҚАН КЕШ

СӨЗ ӨНЕРІ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ, АЛ АҚЫН – ХАЛЫҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН МҰРАТЫН ЖЫР АРҚЫЛЫ ЖЕТКІЗЕТІН ҚОҒАМ ЖАНАШЫРЫ. ОСЫ МАҚСАТТА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ МЕН АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН «ПОЭЗИЯ ЖӨНЕ ҚОҒАМ - АҚЫННЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ» АТТЫ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ.



Кештің құрметті қонағы – қазақ руханиятының жанашыры, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы мүшесі, облыстық мәслихат депутаты, кәсіпкер Бижан Қуанышкерейұлы Қалмағанбетов болды. Тағылымды басқосуға Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Саян Сүлеймен, аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин, ауданның зиялы қауым өкілдері, ақсақалдар, аналар, жастар қатысты. Кездесу барысында ақын жүрек түкпірінен туған жырларын оқып, өмірден түйген тағылымды ойларымен бөлісті. Өңгіме арқауы поэзияның қоғамдағы орны, азаматтық ұстанымның мәні, ұлттық рух, адамгершілік құндылықтар мен елдік мұраттар төңірегінде өрбіді. Қатысушылар ақынның әрбір сөзі мен өлеңінен туған жерге деген сүйіспеншілік пен ұлт болашағына деген жауапкершілікті

сезінді. Кештің көркемдік мазмұнын Ойыл жастарының өнері толықтыра түсті. Олар ақынның жырларын мәнерлеп оқып, Табылды Досымов әндерін орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Жыр мен ән үндескен рухани кеш әдебиет пен өнердің мәңгілік байланысын тағы бір мәрте айқындады. Іс-шара аясында аудандық кітапхана қызметкерлері ұйымдастырған «Жүрек үнін жырлаған ақын» атты кітап көрмесі таныстырылды. Көрмеде ақынның шығармашылығы, өмір жолы және ұлттық әдебиеттегі орны кеңінен насихатталды. Бұл бастама кездесудің мазмұнын байытып, қатысушылардың әдеби мұраға деген қызығушылығын арттыра түсті. Жиын барысында аудан тұрғындары мен жастар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ақынмен

еркін пікір алмасты. Бижан Қуанышкерейұлы елдің ықыласына ризашылығын білдіріп, жастарды кітап оқуға, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге және туған жерге адал қызмет етуге үндеді. Осындай тағылымы мол кездесулер аға буын мен жастар арасындағы рухани сабақтастықты нығайтып, әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттыра түседі. Ұлттың сөз өнерін ұлықтап, кітаптың өміршендігін дәріптейтін мұндай игі шаралар келешек ұрпақ үшін өнегелі мұра болып қала беретіні анық. Киелі Көкжар өңірінің халқымен жүздесіп, рухани кештің төрінен табылған Бижан Қуанышкерейұлына ұйымдастырушылар атынан шынайы алғыс білдіріліп, шығармашылық табыс пен ұзақ ғұмыр тіленді. **Гаухар АЛЕКСЕЕВА,** Ойыл сөлосы.

ҚАЗАҚСТАНДА 206-ШЫ «АУЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ»

ЕРІКТІ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚҰРЫЛЫМЫ АШЫЛДЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ САРБИЕ АУЫЛЫНДА 206-ШЫ «АУЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ» ЕРІКТІ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІ ӨТТІ. ЖАҢА ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ САРБИЕ ЖӨНЕ ҚАРАКӨЛ АУЫЛДАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ.

Аталған елді мекендерде 1 100-ден астам адам тұрады. Салтанатты шараға Қазақстан республикасы Төтенше Жағдайлар Министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы Ерлан Төрегелдиев, Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев, Төтенше жағдайлар департаментінің жеке құрамы, ауыл тұрғындары және шақырылған қонақтар қатысты. Өрт сөндіру бекеті жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен салынды және қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Мұнда жеті қызметкер тәулік бойы кезекшілік атқарады. Жеке құрам үшін демалыс бөлмелері, ас үй және өрт сөндіру техникасына арналған гараж қарастырылған. Сонымен қатар бөлімше зама-



науи өрт сөндіру техникалары мен жабдықтарымен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етіліп, білікті мамандармен жасақталған. Жаңа нысанның ашылуы тө-

тенше жағдайларға жедел ден қою мүмкіндігін едәуір арттырып, ауылдық жерлердегі табиғи және дала өрттерінің алдын алу жұмыстарын күшейтуге мүмкіндік береді.



СУДЫ ҮНЕМДЕУ МЕН ТИІМДІ БАСҚАРУ УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Өздеріңізге белгілі, елімізде өткен жылы қабылданған жаңа Су кодексі су қауіпсіздігін мемлекеттік бақылауды күшейтуге, суды үнемді пайдалануға, ластанудан және оның тапшылығынан қорғауға және қоғамды су ресурстарын реттеуді басқаруға тартуға бағытталған.

БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
- Мемлекеттік бақылаудың күшейтілуі: қадағалау функциясының қосылуы;
- су ресурстарын ұтымды пайдалануға міндеттеу.
Оған қоса жаңа Су кодексінде заман талабына сай цифрландыру қарастырылған. Мысалы қазіргі таңда Су ресурстарының ұлттық-ақпараттық жүйесі жасақталды. Бұл жүйеде су шаруашылығы құрылыстары тізімі, су деңгейлері және т.б. өзекті ақпараттар бар, сонымен қатар су пайдаланушылар осы жүйе арқылы есептерін тапсырады. Жаңа кодекс өңірімізде заңсыз су пайдалануды болдырмауды, су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде тыйым салынған шаруашылық қызметті жүзеге асыруға

жол берілмеуіне бақылауды күшейтіп, заң бұзушылық анықталған жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес тиісті шаралар қолдануға құзыреттілік береді. Бұл әрекеттер су ресурстарын тиімді пайдалануға, оны ластанудан, сарқылудан сақтауға көмектеседі. Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясы қызметіне «Қазақстан Республикасының су заңнамасында және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен арнаулы су пайдалануға рұқсатты беру, ұзарту, қайта ресімдеу, тоқтата тұру және оның қолданылуын тоқтату», «Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс қызметіне, ағаш өсіруге, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға, су объектілерінің балық шаруашылығы мемлиорациясына, ауыл шаруашылығы жұмыстары мен өзге де жұмыстарға байланысты жұмыстарды келісу» жатады. Сонымен қатар, «Ар-

наулы су пайдалану құқығын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар су тарту немесе ағызу құрылысжайларының өлшеу аспаптарында құрылғыларында орнататын суды есепке алу аспаптарын пломбалау», «Тіркеу шифрларын беру үшін гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі декларациясын тіркеу» мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді. Ақтөбе облысы аумағында ұзындығы 20 шақырымнан 593 шақырымға дейін жететін 64-тен астам өзен бар. **ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕГІ ЕҢ ІРІЛЕРІ:**
Ембі – 500 км, Ойыл – 322 км, Қобда – 225 км, Елек – 257 км, Ор – 200 км және басқа да өзендер. Облыстың негізгі өзендері: Ілек, Ембі, Қобда, Ойыл, Сағыз, Ор, Темір және Қарғалы. Сонымен қатар, Арал маңының ағынсыз алабы да облыс аумағын қамтиды. Табиғи су объектілерінің мемлекеттік су кадастрына сәйкес Жайық-Каспий бассейнінде барлығы 220 өзен есепке алынған. Елек өзенінің халық шаруашылығындағы маңызы зор. Оның су ресурстары Ресей Федерациясында,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында халық шаруашылығының барлық салаларында кеңінен пайдаланылады. Ағымдағы жылы тасқын су кезеңі Ақтөбе облысында орташа деңгейде өтті. Су тасқыны кезеңінде Ақтөбе су қоймасына 45.49 млн.м3, Қарғалы су қоймасына 30 млн.м3, Сазды су қоймасына 0.6 млн.м3 су келді. Су қоймаларына су жіберу ең төменгі (санитарлық) режимде сақталды. Сонымен қатар, облыс бойынша су шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстарға тоқталып өтсек: 2026 жылы Ақтөбе бойынша 6 гидротехникалық құрылысқа көпфакторлы зерттеу жүргізу жоспарлануда. Бұл өз кезегінде гидротехникалық қондырғылардың жөндеуі үшін қажетті алғышарттардың бірі. Су ресурстарын қорғау мақсатында уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар арасында тиісті өңірлердің су объектілерін санациялау жөніндегі жол карталары әзірленді. Ақтөбе облысының елді мекендерін су басу қаупі бар учаскелерін сана-

циялау жөніндегі 2025–2027 жылдарға арналған ұйымдастыру іс-шаралары жоспарына сәйкес 2 іс-шара көзделген. - Ақтөбе су қоймасынан бастап Ақтөбе қаласындағы Құрайлы кентіне дейін Елек өзенінің арнасын тазарту, түбін тереңдету және жағалауды нығайту жұмыстары; - Садовое кентінен бастап Елек өзеніне қосылатын жерге дейін Қарғалы өзенінің арнасын тазарту, түбін тереңдету және жағалауды нығайту жұмыстары. Жоба бойынша жоспарлы түрде тиісті шаралар атқарылуда, өз кезегінде инспекция мамандары осы жоспарланған шаралардың жүзеге асырылуын үнемі бақылауда ұстайды. Сонымен қатар, Жаңа кодекстің басты ерекшеліктерінің бірі - өнеркәсіптік ұйымдар мен жылу өндіретін субъектілеріне айналымды қайталама сумен жабдықтау жүйелерін ендіру арқылы су ресурстарын ұтымды пайдалануды, ауыл шаруашылығында су үнемдеуші технологияларды енгізуді міндеттеу болып табылады. Сонымен қатар, су пайдаланушылар Кодекс қолданысқа енгізілген

күннен бастап екі жылдан кешіктірмей айналымды қайталама сумен жабдықтау жүйелеріне ауысу жоспарын беруге міндетті. Бұл ретте жоспарды іске асыру мерзімі бес жылдан аспауға тиіс. Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясының мамандары Су кодексінің нормалары, арнаулы су пайдалануға рұқсат алу тәртібі, «көлеңкелі қара нарықпен күрес» бойынша мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен шаруа қожалықтарына, аудан әкімдіктерінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Осы ретте, Инспекция «Суды үнемде, болашақ ұрпаққа сақта!» атты шаралар арқылы болашақ ұрпаққа толыққанды тіршілік көзін сақтау қажеттілігін көрсете отырып, барша су қорғау, су бұру, су жеткізу және сумен қамтамасыз ету саласында қызмет атқаратын су саласы қызметкерлерін 9 шілде «Су шаруашылығы қызметкерлері» күнімен құттықтайды. **Ғалидолла ӨЗИДУЛЛИН,** Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясы басшысы.